

# Тынышбек ДАЙРАБАЙ




## Жеті Тарадағы

### - жеті анық

19

# Тынышбек ДАЙРАБАЙ



## Жеті тараудағы — жеті аньқ



ИЗДАТЕЛЬСТВО Алматы  
**ӨНЕР** 2012  
БАСПАСЫ

УДК 910+81/374.4

ББК 26.8+81.2-3

Д 27

# ДАЙРАБАЙ Т. ЖЕТИ ТАРАУДАҒЫ – ЖЕТІ АНЫҚ.



Дайрабай Т.

Д 27 Жеті тараудағы – жеті анық. – Алматы: «Өнер», 2012. – 400 б + 48 бет. жапсырма

ISBN 978-601-209-161-8

Журналист, зерттеуші Тынышбек Дайрабайдың соңғы 4–5 жылда жазған тарихи тұлғалар мен еліміздегі қоғамдық істерге қатысты мәселелер және ол туралы белгілі қаламгерлер жазған пікірлер, жазысқан хаттар берілген.

Сондай-ақ, Т.Дайрабайдың қарапайым адамдар жайлы және өзіне арналған арнау өлеңдер мен құттықтаулар, карталар мен билердің мөрлерінің үлгісі, библиографиялық көрсеткіш еніп отыр.

Оқырман аталған кітаптан көптеген нәрсelerді таба алады. Кітап көпшілікке арналған.

УДК 910+81/374.4

ББК 26.8+81.2-3

ISBN 978-601-209-161-8

© Дайрабай Т., 2012

© «Өнер» баспасы, 2012



## **ӨЗГЕЛЕР МЕН ӨЗІ ЖАЙЛЫ ШЫГАРМА**

Дайрабай (Дайраев) Тынышбек Майлыбайұлының шығармашылығынан біраз жылдардан бері хабарым бар. Әсіреле 2005 жылы жарық көрген «Сырдың сырлы сыры», 2010 жылғы «Сыр перзенттері» атты кітаптары көпшілік талғамынан шықты. Ал «Жеті тараудағы – жеті анық» атты шығармасы сол кітаптарының тақырыптық жалғасы іспеттес.

Тынышбек Дайрабай еліміз Тәуелсіздік алған жылдан бастап өнімді еңбек етуде. Оның шығармаларынан көркем бейне жасалмаса да, қазақ халқының тәуелсіз жолында күрескен батырлар мен билер, шешендер, көрнекті ақын-жыраулар мен ел-жүртқа дін ислам рухын сепкен ғұлама-ахундар мен ишан-мақсымдар жайлы айтылады. Оның жазғандары ауыз-әдеби мұралар мен мұрағат құжаттарына негізделіп, көптеген тарихи тұлғалардың: Марал ишан, Торғай би, Сандыбайдың Ердені, тағы басқаларды мұрағаттың сарғайған қағаздары арасынан тауып, оқырмандарға тарту етеді. Оның шығармасы нақтылығы мен айқындылығымен құнды деп есептеймін.

«Жеті тараудағы – жеті анықтың» бірінші тарауында бұдан 250–380 жыл бұрын өмір сүрген тұлғаларға арналса, екінші тарауы Тәкеңнің шығармашылығына және өзі туралы жазылған дүниелер енген. III–V тарауларда Т.Дайрабайға арналған ақын-жазушылардың арнау өлеңдері, құттықтаулар, түрлі қоғамдық мемлекеттік ұйымдардың басшыларымен жазысқан хаттары, алынған жауаптардың басы қосылған. Осы бөлімнің бірінен қазақ қоғамына, кеңестік кезенде қызмет атқарғандарға құрмет көрсету, ескерткіштер мен көше аттарын беру, олардың мерейтойларын өткізуге мұрындық болған тұстары да көрініс береді. Тіпті оның ең алғаш рет Қазақстан топырағына генерал Фон-Кауфманның «Түркістан» альбомын өз бастамасымен 1999 жылы алғанының өзі не тұрады, ал оны шығаруға қаншама күш жұмсалғанын жазысқан хаттардың өзі-ақ сөйлеп береді.

Кейінгі VI тарауда оның ел аузынан жинаған кейбір ауыз-әдеби мұралары мен библиографиялық көрсеткіштері енген. Ал соңғы жетінші тарау Т.Дайрабайдың өзі көрген аға буын ағалары мен әкелері, замандастарының өмір жолдары туралы бүгінгі ұрпаққа таныстыру мақсатында «Осындай ауыл адамдары», деп ортаға салған.

Тәкеңің «Жеті тараудағы – жеті анық» кітабында 1800–1870 жылдар аралығында өмір сүрген билер мен батырлардың, болыстардың жеке мөрлерінің үлгісі ұсынылып, Сыр еліне қатысты 1910–1912 жылдардағы сирек кездесетін карталарды кітапқа енгізуі көп нәрсені ұтып тұр.

Тынышбек Дайрабай жазған кітаптан Сыр еліне қатысты атақты билермен қатар би-болыстар мен Сыр елін басқарған кейбір сұлтандар жайлы құнды дөректер ала алдырылған. Тәкең жазған мақалаларды саралап қарасам, оның тұлғалары арасында: Әлім, Шөмен, Кете (Байсары) ұрпақтарымен қатар Жаппас, Қоңырат, Арғын, Алаша, Найман, Қыпшақ, тағы басқа да рулардан шыққан билер бар. Демек, оның шығармашылық кредосы – қазақ халқына қадірлі билерді оқырмандарға таныстыру болып табылады. Тынышбек шығармашылығы қысқа да нақтылығымен құнды. Бүгінгінің талай ұрпақтары өз бабаларының арғы-бергі тарихын Т.Дайрабай кітабынан тауып жүр.

Замандас ағамыз, қаламгер Тынышбек Дайрабайдың бұл кітабына енген дүниелері негізінен халықаралық «Түркістан», республикалық «Ана тілі», «Ақиқат» журналында және басқа да басылымдарда жарияланған еңбектерінің топтамасы. Кітаптың аты айтып тұрғандай «Жеті тараудағы – жеті анық» кітабынан Тынышбек Дайрабайдың шығармашылығымен қатар бар болмыс, бейнесін тануға болады.

**Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ,**

**жазушы, драматург**

## I ТАРАУ

Лайрато палкын

# ТҰЛҒАЛАРДЫ СӨЗ ЕТТИМ

## АЛТЫННЫҢ ІЗІ ТАБЫЛДЫ немесе Марғұлан айтқан «Түркістан альбомы» хақында

Бір кездері Әлкей Марғұлан айтқан «Түркістан альбомы» тарихи танымға дәнекер болар дүниелеріміздің бірінен саналады. Қазақстан топырағында бұл альбоммен таныс бірді-екілі адам болмаса, көпшілік оқырман мұлдем хабарсыз болып келді. Өйткені, академик Әлкей Марғұланның өзі де «Түркістан альбомның» атын атағанмен оған толық сипаттама да жазып қалдырмаған.

Біздің қолымызға түскен «Түркістан альбомы» туралы деректердің көптен бері тиянақты ізден келе жатқан белгілі журналист, зерттеуші Тынышбек Майлыбайұлы Даирбай тапқан екен. Бұл мақаланы бергенде генерал Кауфманды мадақтау емес, оның жасатқан құнды еңбегін анықтау.

Төменде ұсынылып отырған (Туркестанские ведомости газеті, №36, 13(25) бұл дүниені орысшадан аударып тарихшылардың қажетіне жарап деген оймен газетімізге жариялада отырмыз.

### **«К.П. Кауфманның «Түркістан альбомы»**

Биылғы жылы «Исторически вестниктің» №4 санында П.М.К.-ның «Орта Азияға тігілген орыс туы» деген мақаласы жарияланды, оны автордың айтуынша, К.П. Кауфманның 1853 жылдан 1871 жылға дейін орыс әскерлерінің Орта Азияға бойлап енүі жөніндегі жүйеленбegen қолжазба қағаздары негізінде жазылған, бұл қағазды ол 1871–1872 жылдары Түркістанды бағындырушы марқұмның жарлығымен шыққан «Түркістан альбомына» түсінік-мәтін ретінде дайындаған, бұл альбомның мақсаты: Әлкенің сақталып қалған ежелгі ескерткіштеріндегі өткен өмірі, халықтың қазіргі тұрмысы – діні, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, киімі, түр-түрпаты, өлкенің жергілікті тұрмыс жағдайы, елдің өнеркәсіп-техникалық тұрғыдағы мәдениеті, орыстардың Түркістанға бойлап енүі, ол жергілікті мекеннің тұрғылықты жай-күйін, тұтастай алып топтастырған, орыс қару жарағын қалай қолдану керек екендігін көрсеткен, сондай-ақ Орта Азияға алғашқылардың бірі болып жол ашқан қайраткерлердің кейіптемесі берілген.

Жоғарыда аталған, I-тарауына: П.М.К. деп қол қойған еңбектің авторы сөз орайы келгенде Кауфманның өкімімен дайындалған альбом, тек 6 данамен басылып шыққан, оларды марқұм Константин Петрович II Александр Императорға, мирасқор Цесаревич Александр Александровичке, ұлы князь Владимир Александровичке, император Фылым академиясына, Император көпшілік кітапанасына және Император Орыс географиялық қоғамға тарту екен.

Кауфманның «Түркістан альбомы» жарық көрген 70-жылдардың басында, бұл қымбат тұратын, қыруар еңбекті қажет ететін басылымның мазмұны еуропалық Ресейдің үкіметтік және ғылыми мекемелерінің Орта Азиямен онша таныс еместігі себепті зор ықылас туғызады. Қазіргі кезде (1899 ж. Т.Д.) осыдан ширек ғасыр бұрын басылған «Түркістан альбомының» мән маңызы, бір жағынан сол кезде альбомды жасаушының

фотографияның ішінәра, түр-түрпательның өзгеруі, ішінәра жаңғыртуы, себепті меніңше бұл басылымда орыс әскерлерінің Орта Азия қалаларын 1853 жылдан бастап жаулап алу жоспарларының тарихы жағынан құнды жүйеленген заттардың және осы соғыс-қа қатысқан ірі тұлғалардың портреттері берілген. Альбомның аталып отырған мән маңызы тұтас алғанда «Түркістан альбомы», «Каталог Туркестанский публичной библиотеки» жасаушының суреттеуінше, бұл каталогте осы басылымның бір данасы, осы кезге дейін сактаулы тұр. 4-томнан тұрады. Ол биіктігі I' ені I" 7" 3 "" 447 картоннан тұрады.

Мешіттердің, медреселер, кешендердің, архитектуралық сыйбалары түсірілген 16 картоннан, 312 фотосурет берілген, 118 картоннан және 47 бояулы сурет салынған 21 картоннан тұратын 1-томда мынандай көріністер берілген:

1. (1) Форт №2 маңындағы қырғыз әулиесі Корқыттың құлаған моласы.
2. (2) Түркістан уезіндегі Сауанның қираған орны.
- 3-7. (18) Түркістан қаласы. 1404 жылы салынған Шейх Ахмет Иассауи мешіті.
- 8-9. (4) Ұратөбе қаласы. Мешіт пен медресе.
10. (2) Беглербек Рабаты (Шымкент уезінде) және Ташкенттегі әулие Шейхантаур мазары.
11. (1) Бетпақдаладағы қираған Мырза-Рабад.
12. (1) Ташкенттегі Көкалташ Медресе.
13. (1) Ходженттегі Маслахатдин Шейхтың мазары.
- 14-15. (3) Илан-Отин шатқалы.
16. (4) Илан-Отин шатқалындағы құздағы жазу. Ескі Ходженттегі жер. Бетбақдаладағы мырза-Рабад қорғанының әулиелерінің орны.
- 17-18. (5) Оргут қаласы мен Дагбит қышлағындағы мұсылман әулиелерінің қорымы.

### **Самарқаның ежелгі ескерткіштері**

- 19-70. (135) Хазірет Шах-Зинде, Әмір Темір гөрханасы, 1360 жылы салынған Әулие Куссам Ибн-Аббас зираты.
- 71-86. (1) Темірдің әйелі Гур-Бибі ханымның мавзолейі.
- 87-99. (33) 1648 жылы салынған Шир-Дор медресесі.
- 100-107. (18) 1648 жылы салынған Тілдә-Қари медресесі.
- 108-115. (24) Ұлықбек медресесі.
- 116-123. (22) Темір мавзолейі.
- 124-126. (2) Әулие, Шейх Бурхадиннің мавзолейі (Рух-Абад, Ақ сарай).
- 127-128. (2) Шейбани хан медресесі және Қосқыншы хан кесенесі.
- 129-132. (5) Шейх Нуредин Баширдің мавзолейі және Бұхар әмірлерінің сарайлары, «Көктас».
- 133-134. (2) Ұлы намазға жығылатын орын.
- 135-137. (5) Қожа Абу-Дерун мавзолейі және Темірдің «Иштрахан» жазғы сарайы.
- 138-147. (25) Қожа Ахрап мешіті және Надыр-Диванбек медресесі.

- 148-150. (3) Қожа Абу Бинунның мешіті.
- 151-153. (3) Шопан ата мазары мен Шадиман-Мәлік және Шармұнар көпірлері.
- 154-155. (6) Самарқанмен оның төңірегіндегі қорғандар.
- Коршаулардың шабуылдар мен шайқастардың жоспарлары бейнеленген 13 картоннан, 190 фотосурет берілген. 69 картоннан тұратын 2-томда мынандай материалдар қамтылған:
156. (1) Ақмешітті қамау және шабуыл жоспары 5–28 шілде 1853 жыл. Аумағы ағылшын дюймі есебімен 100 сажын.
157. (1) Ұзынағаш түбіндегі 1860 жылдың 19–21 қазандағы ұрыстың жоспары.
158. (1) 1864 жылдың 19–25 қыркүйектегі Шымкентті қоршау және шабуыл. Аумағы ағылшын дюймі есебімен 200 сажын.
159. (1) 1865 жылдың 9 мамыр мен 15 маусым аралығындағы Ташкентті қоршау. Аумағы ағылшын дюймі есебімен 500 сажын.
160. (1) 1866 жылдың 17–24 мамырдағы Ходжентті қоршау. Аумағы ағылшын есебімен 200 сажын.
161. (1) 1866 жылдың 27 қыркүйегі мен 2 қазандағы Ұратөбені қоршау. Аумағы ағылшын дюймі есебінен 200 сажын.
162. (1) 1866 жылдың 12–18 қазан аралығында Жизакты қоршау. Ағылшын дюймі есебімен 200 сажын.
163. (1) 1868 жылдың 1 мамырында Самарқанға шабуыл. Аумағы ағылшын дюймі есебімен 250 сажын.
164. (1) 1868 жылы 2 маусымдағы Зерабұлақ биіктігіне шабуыл. Аумағы ағылшын дюймі есебімен 500 сажын.
165. (1) Самарқан бекінісінің қорғануы 1868 жылдың 1–8 маусымы. Аумағы ағылшын дюймі есебімен 250 сажын.
166. (1) 1870 жылдың 13 тамызында Китаб қамалына шабуыл. Аумағы ағылшын дюймі есебінен 200 сажын.
167. (1) 1871 жылдың 8 маусымында Чиназ түбіндегі шабуыл. Аумағы 250 сажын.
168. (1) 1871 жылы Сүйдүн түбінде. Аумағы 250 сажын.
169. (1) Генерал-адъютант, граф В.А. Перовскийдің фотосуреті.
- 170-171. (4) Әулие 3 дәрежелі Георгий орденімен наградталғандар, генерал-адъютант Н.А. Крыжановский, Фонь Кауфман, генерал-лейтенант Г.А. Калпаковский және генерал-майор А.К. Абрамов.
- 172-177. (18) Георгий кавалері және алтын қарумен наградталғандардың фотосуреттері.
178. (3) Алтын қарумен наградталғандардың фотосуреттері.
- 179-200. (121) Әскери орден айырым белгілерімен наградталған Георгий атты әскерінің (офицердің, шенеуніктердің, төменгі шендергілермен бұратаналардың) фотосуреттері.
- 201-207. (3) Православный шіркеулерінің көріністері (қоршауға алу кезінде қазатапқандардың ескерткіштері). Форт №2, Әулиеата, Қазалы, Жөлек, Перовск-Ақмешіт, Ташкент, Ходжент, Ұратөбе, Шыназ, Ключев, Самарқан, Қаттақорған қалалары.

208-224 (30). Қазалы, Жөлек, Перовск, Шымкент, Ташкент, Әулиеата, Ходжент, Үратөбе, Жизак, Заамин, Нау, Пішпек, Тоқмақ, Форт, 2 түрлі әскер ғимараттары қамалдары мен қорғандарының көріністері. Самарқан арқылы 1868 жылдың шілде айында жарып өткен Жаңақорған, Қаттақорған.

478 фотосурет берілген 176 картоннан тұратын 3-томда (Орта Азия халқының этнографиясына арналған) мынандай суреттер берілген:

- 225-228. (12) Тәжіктер (ерлер мен әйелдер).
- 229. (3) Сарттар (ерлер).
- 230. (3) Ягнаубиц (ерлер).
- 231. (3) Хиуалықтар (ерлер).
- 232-236. (15) Өзбектер (ерлер мен әйелдер).
- 237-242. (18) Қырғыздар және қара қырғыздар (ерлер және әйелдер).
- 243. (3) Қаратегінді (ерлер).
- 244. (3) Индустар (ерлер).
- 245. (3) Арабтар (ерлер).
- 246-250. (15) Еврей (ерлер және әйелдер).
- 251. (3) Ауғандықтар (ерлер).
- 252 (3) Ирандықтар (ерлер).
- 253-256. (12) Цыгандар (әйелдер мен ерлер).
- 257-260. (18) Көшелер мен базарлардағы Орта Азиялықтар.
- 261-267. (21) Отырықшы және көшпелі халықтың тұрғын жайлары мен киім-кешектері.
- 268-289. (89) Отырықшы халықтың әдет-ғұрып салт-дәстүрлерін (діні, құқығы, сот және жерлеу, т.б.).
- 290-305. (62) Отырықшы халықтың ойын-сауықтары.
- 306-308. (6) Түркістан өлкесінің түрлі жерлерінің көріністері.
- 309-310. (7) Әулиеата қаласы мен базарлары.
- 311-315. (9) Жизак қаласындағы базарлар.
- 316-317. (3) Қазалы қаласы.
- 318. (2) Перовскі қаласы.
- 319-330. (22) Ташкент қаласы және оның көшелері.
- 331-332. (8) Үратөбе қаласы және көшелері. Бисмандин шатқалы.
- 336. (2) №2 форт (Кармақшы).
- 337-340. (8) Ходжент қаласы және оның көшелері.
- 343-352. (18) Селения, Заамин, Қарабұлақ, Манкент, Нау, Піскент, Сайрам қоныстары.
- 353-355. (4) Сырдария мен Арыс өзендерінің өткелдері.
- 356-359. (8) Сырдария облысының түрлі жерлерінің көріністері.
- 360-379. (60) Самарқан қаласы және көшелері мен көріністері.
- 380-381. (2) Қаттақорған қаласы.
- 382-385. (5) Пянджикент қаласы.

- 386-388. (3) Орғұт қаласы.
- 389-392. (5) Зерабұлақ, Қаратөбе қоныстары.
393. (1) Цыгандар көші.
- 394-399. (12) Қоқан хандығының сарайлары мен медреселері.
400. (3) Қоқан ханына жақын жүретіндердің суреттері.
- 222 фотосурет, 47 картоннан тұратын 4-томда мынандай суреттер (кәсіптік бөлімі) берілген:
- 401-404. (19) Мақта өндірісі.
  - 405. (5) Шыт тоқу.
  - 406-409. (19) Жібек тоқу.
  - 410. (4) Жұн мatalар өндіру.
  - 411. (5) Ұсталық өндірісі.
  - 412. (6) Үй аспаптар жасау.
  - 413-414. (12) Құрал-сайман, қолөнер аспаптары.
  - 415. (6) Шойын құю.
  - 416-417 (12) Мыс, темір, шойын бүйымдарымен сауда жасау.
  - 418-419. (4) Шымкент уезіндегі Татарин тас-көмір кеніші.
  - 420. (2) Самарқандағы ағаш базары, Зеравшаннан сал ағызу.
  - 421. (6) Ағаш ұсталығы өндірісі.
  - 422-423. (12) Арба жасау.
  - 424-426. (12) Былғары – тері өндеу.
  - 427. (6) Етік тігу.
  - 428. (6) Ер-әбзелдерін жасау.
  - 429. (5) Қайыс шеберханасы.
  - 430-431. (3) Егін суару тәсілдері.
  - 432. (5) Егін егу.
  - 433. (5) Қырман басу.
  - 434. (4) Диірмен-келі.
  - 435. (5) Нан өндіру.
  - 436. (7) Қамысты пайдалану жолдары.
  - 437-441. (24) Ұсақ-түйек сауда.
  - 442. (4) Май шайқау өндірісі.
  - 443. (5) Сабын қайнату өндірісі.
  - 444-445. (10) Қыш-күмыра өндірісі.
  - 446-447 (6) Қырғыздар (қазақтар) кәсіпшілігі.

Жалпы саны 447 картон, оларда 1262 сыйба, фотосурет, бояулы суреттер мен кескін суреттер жариялаған «Түркістан альбомын» жасау жөнінде К.П. Кауфман берген өкімінің орындаушылары мыналар: А.Л. Кун (археология-этнография бөлімі), М.И. Бродовский (кәсіпшілік бөлімі), М.А. Терентьев (тарих бөлімі). Барлық техникалық бөлігін орындаушы бұлардың алғашқысы.

П.М.К. мақаласына қайтып оралайын: Меніңше, «Түркістан альбомы» аталған автор мәлімдегендей 6 дана емес, онан біраз көп данамен басылып шыққан. Ол мекеменің жеке авторларынан басқа адамдарда болу мүмкін деп пайымдауға негіз бар. Менің қолымдағы Кауфман туралы жазбаларда (байырғы түркістандық кауфмандықтардың бірінің қолжазбасы) мынадай жолдар бар.

К.П. Кауфманның өкімі бойынша ол сыйға тартқан қаражатқа 1870 жылы және одан кейінгі жылдары «Түркістан фотосурет альбомын» жасайды, ол осы елдің тарихи этнографиялық, кәсіпшілдік және басқа тұрғыдағы қоғамдық тұрмысын, мүмкіндігін айқын бейнелеуді мақсат етті. 1200-ден астам суреттен тұратын және тым шектеулі данасын басып шыққан еңбекті Константин Петрович, сөз арасында айта кетейін, императордың көпшілік кітапханасында тұр, Императордың сурет академиясында, Императордың Санкт-Петербург университеті мен Москва политехникалық музейіне тарту еткен. География қоғамының жазған пікіріне қарағанда оның барлық суреттердің тұпнұсқасын басып шығару немесе басқа ғылыми мақсаттарда пайдалану күкірын алған география қоғамы. География қоғамы альбом Орыс-Түркістан батыс жартысындағы халық пен оның мәдени тұрмысы үшін соншалықты бай материал берген, ол фотосуретке түсіру арқылы Ресей Империясының басқа бірде бір бөлігінде ешқашанда жиналмаған. Сондықтан суреттемелерін этнография мұдделері қызықтырған адамдардың бәрі осы альбомның шығарушыларына, генерал Кауфманға зор алғыс айтуға тиіс. Бұл пікір қандай материалдар бойынша жазылғаны, Түркістандықтардың жазбасында айтылмаған.

Бірақ мәселе мұнымен бітпейді. Менің қолымда «Түркістан альбомының» бір данасы Константин Петрович өзін де болғандығын айғақтайтын тағы бір неғұрлым айқын деректер бар. Бұл орайда менің есіме әлдекашан өтіп кеткен бір оқиға түсіп отыр. Өте қайғылы, ынғайсыз оқиға тұр, тіпті, Орта Азия соттарымен Түркістанның жарты патшасының ұмытылmas әміршісінің қасиетті бейнесін біраз қорлайтын оқиға.

Константин Петровичтің серуен тоғайында жерленгеннен кейін біраз уақыт өткен соң, сол кезде қаладағы базарларда демалыс күндердің бірінде марқұмның мұлкі саудаға салынып, сатылды, олар түрлі кабинеттік заттары, үстіне киғен киімдері, кітаптары және басқа заттары болатын. Сауда-саттыққа мұдделі жағдайда дағдылы тобыр – көбінесе төменгі әскери шендермен сарттар қатысты. Базарға шығарылған мұліктің ішінде Орта Азияның түрлі жерлерінде түсірілген 1881 жылға дейін орыс саяхатшылары мен фотосуретшілері түсірген толып жатқан фотосуреттер және «Самарқандың ежелгі кезеңі» деп аталатын Түркістан альбомының бір томы болды. Бұл фотосуреттердің бәрін 36 сомға шенеуніктердің бірі – Константин Петровичтің қостас қызметшісі сатып алды. Құрметті генералда альбомның басқа томдары болды ма, жоқ па, тұжырып айтқанда олар оның кабинетінен қайда әкетілді, маған белгісіз. Орта Азия хандығына қаһарын төккен Түркістан әскерлерінің атақты көсемінің қалған мұлкінің аздаған бөлігін төменгі шендергілер, көп бөлігін сарттар, арзан сатылатын нәрселерді сатып алған кәдуілгі базар саудагерлері сатып алды. Аукционның балғасы соғылғанда, «Кауфманның пальтосы 3 сом, кім көп береді, «Кауфманның бас киімі 20 тиын» кім көп береді», – деп жарияға жан салып, айқайлаған кезде еріксізден мынандай деп ойладым. Не істеу керек? Ұлы

Цезарь ұлы адам болатын, ал оған өлгеннен кейін бірнеше ғасыр өткен соң Шекспир мынадай табалаған эпитафия арнады.

Халыққа кім үрей төкті, кімнің алдында қалшылдап дем құрыды. Ұлы Цезарь қазір мүрде, қазір оның қабірінің тесіктерін топырақпен сылауда.

Сол бір болмашы тиын-тебенмен кімнің жыртығын жамау керек болды екен, Константин Петровичтің мүлкін базарға салып сатудан қандай ақша тұсті екен түсінбеймін.

Айтпақшы, мұның бәрі «Әлдекашан өтіп күндердің ісі», әрине, ұмытылып та кетті. Егер ұмытылмаса көп ұзамай ұмытылады, өйткені уақыт өз ағысымен ағып жатыр. Адамдардың барлық істерін жуып-шайып әкетеді, халықтарда, патшалықтар мен патшаларда, зерденің құрдым-құзына батып жоғалады.

Жоғарыда айтылған сөздерден «Орта Азиядағы орыс туының» авторы бәлкім «Түркістан альбомы» 6 дана ғана емес, одан көп данамен басып шығарылғанын көз жеткізген болар.

### **Сілтемелер:**

1. Бұл суреттемеде негізінен Ташкентте тұратын оқырмандары айтылып отыр. Өйткені олардың бұл альбоммен танысуы мүмкін емес.
2. Тақырыптардың алдында тұрған 1 сандар картондардың рет бойынша нөмерлөрін, ал жақша ішіндегі сандар фотосуреттердің немесе картондардағы бояулы суреттердің санын көрсетеді.
3. П.М.К-ның хабарлауынша түп-нұсқа мен фотосуреттер Императордың көпшілік кітапханасында сақтаулы.
4. Аукцион арқылы сатып алғынған Самарқандың ежелгі ескерткіштері деген альбом, кейіннен Францияға өтті.

### **Л.К.Ю.**

Міне, бұдан 100 жыл бұрынғы газет тігінділерінен «Түркістан альбомы» сияқты алтын қазынамыздың толық дерегі табылды. Мұны табуға менің көптен бері іздел жүретінімді билетін Жолдыбыке Нұсіпқызы көмекке келіп, нәтижесінде жоғарыда келтірілген мақала табылды. Бұл альбом туралы «ҚСЭ-да дерек берілмеген».

Енді осы «Түркістан альбомы» туралы билетін азаматтар қолдағысын жасырмай қайта оның жарыққа шығуына жол аушы керек деп ойлаймын.

**«Түркістан» газеті, 3 наурыз, 1999 жыл**

### **СЫР СҮЛЕЙЛЕРИНІҢ СЫНЫҒЫ**

Адам елге сіңірген еңбегімен қадірлі екендігін елдің бәрі білсе керек. Сондай жаның бірі – Болатбек Сүлейменұлы десек те, аса қателеспегеніміз. Бұл кісі қазір зейнеткер. Және қол қусырып отырған зейнеткер емес, әлі де өзінің туған өлкесінің жасыл жапырақты көркін қорғауға ат салысып жүрген жан.

Ал, бұған дейінгі өмірінде мектептен кейін Қызылорда ауылшаруашылық техникумынан агрономия мамандығын игерген, кейін білімін жетілдіріп, Алматыдағы қазақ

мемлекеттік ауылшаруашылық институтын, партия мектебін бітірген. Және осыған орай кезінде кіші агрономдықтан бастап, кәсіптік-техникалық училищеге агрономиядан сабак беретін ұстаздық та жасаған. Өзінің мамандығы мен тәжірибесін қоса қамтып, оның үстіне ұстаздық жасау – жас жігіттің жан-жақты өсуіне үлкен әсерін тигізеді. Ол аудандық және облыстық партия комитетінің нұсқаушысы қызметтерін атқарғанда да, кейін туған ауданының бақылау комитетінің төрағасы, тіпті аутпарткомның екінші хатшысы қызметін мұлтіксіз атқарып жүргендеге де халық арасындағы рухани мұраны ұмытпаған жан.

Жергілікті өнерпаздардың өресі биіктеп, қанаттарының қатаюына, олардың сол елдің атақты жүйріктері Тұрмағамбет Ізділеуұлы, Балқы базар, Дүр Онғар, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп сияқты тағы басқа да топжарған сүлейлердің өн бойы ғақлияға толы сүйікті жыр жолдарын халық есіне қайта салуда үлкен үлес қосты. Тіпті кейінгі буын Көшенай, Қуандық, Бидас сияқты жасына жетпей жайсаңдыққа бетбұрған жандардың да небір толғауларын уағызыдаудағы еңбегі өз алдына. Бұған қоса «Қорқыт ата» және Тұрмағамбет ақынға ескерткіштер орнатудың басы-қасында болды. Туған әкесі Сүлеймен ақсақалдың Ешнияз сал Жөнелдікұлның жырларын, Тұрмағамбеттің мірдің оғындей назымдарын әр кезде жатқа соғып, ішкі рухани күш-қуатын қанаттандырып, жан-жағына шуақ шашып отырды.

*Қайратты туған ел болсаң,*

*Қамын ойла халқыңың.*

*Жетім менен жесірге,*

*Өзі бол – жүзі жарқыңың.*

*Самалыңдай болып бақ,*

*Жаз күнгі қоңыр салқыңың.*

*Үәдеңді екі етпе,*

*Кемітпейтін нарқыңың... –*

деген жолдар өз өмірінің мұратындай. Жоғарыдай жыр бесігінің ортасында, яғни алдымен Қорқыт бабамыздың, қала берді, жүзге тарта жырау шыққан аулының қазаки мақам әлеміне бөленіп өскен жанның ендігі жерде жер жәннетіміздің жасыл көркін жүдетпей, барынша жан-тәнімен қорғауға үлес қосуы бұл да бір ғанибет болса керек.

Айта берсе Б.Сүлейменовтың өз өлкесіне сіңірген еңбегінде шек жоқ. Бірақ сол қызметтің бәрінде әлде біреулердің айтуымен емес, өзінің жан қалауының парызы ретінде өтеп жатқандығы ақиқат. Шындығында да өзінің арғы-бергі әuletінің алтын бесігі болған екен. Сыр бойының түлегі, олай етпеуі де мүмкін емес еді.

Алпыстың асқарына шыққан абыз алғамыздың өмір жасы ұзақ болсын. Ел арасындағы елеулі еңбектері әрқашан абыройға ие болып, ұрпақтары да өзі сияқты ел өнегесіне айналсын демекпіз. Ері елдің ыстық-сұығына көнсе, отбасының бірлік-берекесі жары да өзімен бірге ұрпағының игілігін көрсін демекпіз.

«Түркістан», 23 маусым, 1999 жыл

## **«ТҮРКІСТАН АЛЬБОМЫН» АЛЫСТАН АЛДЫРДЫМ немесе С. Жәкеев ақсақалға жауап**

Құрметті «Азат» газетінің алқа мүшелері мен оның қалың оқырмандарына арнау сөз жазуыма осы газеттегі С.Жәкеевтің (2004 жылдың 30 маусымындағы санында) мақаласы себеп болып отыр. Қарсы мақала жазбауыма болар еді. Үндемегенді келісті деп ойлайтын қазақпаз ғой.

Газеттегі мақаланың қосымша тақырыбындағы «Түркістан» газетінің оқырманы, Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, жазушы Эбілмәжін Жұмабаевқа арнаған «ашық хатында» автор «Түркістан альбомының» Қазақстан топырағына оралуына, осы іске көмек қолын созған В.Н. Зайцев мырзаға алғысын білдірген хабардағы сөйлемдер мен сөздерге кей ретте орынсыз тиіскен сияқты. Бұл бір «Түркістан альбомы» қолға тиген қуаныш үстінде айқайладап, алақандай хабар дайындалған болатын. Қазақта бір сөз бар: «Асығыста туған баланың аты абыр-сабыр». Екіншіден, қазақ халқының зиялы қауымы ішінде ерекше орны бар, тау суында таза азamatқа және өзіме әркез қамқоршы, ақылшы болып жүрген аға атына титімдей хабар арқылы сөз келтірілгені өкінішті.

Ә.Жұмабаев зиялы, қадірлі азamat. Әрбіріміз сол кісідегі бола алсақ, шіркін?..

С.Жәкеев «Салтыков-Щедрин атындағы көшілік кітапханасының кейбір басшылағына өкпем «қара қазандай», олармен соттасуға бармын. Соттасамын да», – деп жазыпты. Ау, аға, әділдік үшін кіммен соттассаңыз да өз еркініз емес пе, ол туралы жарияға жар салу не керек?

Мақаланы әрі қарай оқып көрейік Автор: «Ол «Түркістан альбомының» фото көшірмесін Қазақстанның 150–200 мындаған тектесіне сатып берді. Достық пен қамқорлық жасаған жоқ. Ашық ауыз қазақ жігіті ол альбомда не бар екенін білмей, қазақ халқын, оның жақсыларының басын кескен, бір оқпен жеті қазақты өлтіріп отырған, тіпті оқшығармай үшкір ағашқа құйрығымен отырғызып өлтірген жендеттердің фотосуреттерін қыруар ақшаға сатып алды», деп бір қайырған. Сонда аңқау қазақ жігіті мен болып және «Түркістан альбомында» не барын білмей тұрып алдырған болып шығамын. Иә, кезінде жендеттердің атқаны, аямағаны белгілі жағдай. Ал, қадірменді оқырман қауым, халықаралық «Түркістан» газетінің 1999 жылдың 3 наурызындағы «Алтынның ізі табылды немесе Марғұлан айтқан «Түркістан альбомы» хақында» атты көлемді мақаланы оқып көрүлеріңізге болады. Бұл тәржіма мақаламда «Түркістан альбомында» не бар екенін егжей-тегжейлі толық жазғанмын, сол мақаланың алғашқы нұсқасындағы бас редактордың ескертпесіне шейін өзімде сақтаулы тұр. Осы мақаланы жазып, дайындаған мені «Түркістан альбомында» не барын білмеді және қыруар ақшаға сатып алды деуі көре алмаушылықтың белгісі. Автор мақаласының тағы бір жерінде «Ал, сіз құрметті бауырым, сүйікті інім, қасыңызда жүрген маған қарамай, қайдағы белгісіз адамды тауып алыпсыз. Бұл қалай? деп, Ә.Жұмабаевқа тағы да тиіседі.

Өзім туралы айтсам, 4–5 кітап жазған, 10 шақты кітапты құрастырған, Қазақстан ұлттық энциклопедиясында 100-ден астам, «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында 25

мақала жариялаған, жалпы 300-дей тарихи-тәнімдүй мақаланың авторы, КСРО және Қазақстан Журналистер, Қазақстан Ақын-жыршылар одақтарының мүшесі, «Еңбек ардагері» және мерекелік медальмен, Қазақстан Журналистер одағының «Құрмет» қағазымен марапатталғанымды, басқа да жеткен жетістіктерімді тәптіштемей-ақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Құрметті профессоры» екендігімді айтсам да жеткілікті.

«Түркістан фотоальбомы» хақында шындықты білгісі келетін газет оқырмандарына түсіндіріп көрейін.

«...Енді, міне қадірлі інім Тынышбек «Түркістан альбомын» мен таптым, мен алдырыдым деп, маңайына жуытпай отыр». Бұл Сәкеңнің өз сөзі. Шынында да С.Жәкеевпен біраздан бері таныспын. Бірде С.Жәкеевке «Түркістан альбомын» Санкт-Петербургтан алдырғанымды айттым. Майда сөзбен мені өзіне жақын тартып, «Түркістан альбомы» хақында сыр шертіп, ара-тұра сол альбомның өзін және барлық құжаттарын көрсетуді сұрап, бірнеше рет өтініш жасады.

Енді өзінің жазуынша С.Жәкеев ақсақал «Түркістан альбомы» турасында 1960 жылдары В.Владимировичтің кітабынан оқып, танысқанын, сол кітап негізінде 1982 жылы «Лениншіл жасқа» мақала жазғанын маған да айтқан болатын. Сатып ала алмаса оған сол кезеңнің саясаты себепкер болған шығар. 20 жылдан кейін сәті түсіп, «Түркістан альбомын» ел үшін сатып алсақ, неге айыпты болуға тиістіміз?! Күйеу баламның жан досына қоймай айтып жүріп, көп қындықпен алдырған едім. Осы да айып па? Сәке, «Түркістан альбомын» анау алыс елден алдырудады бар мақсат қазақ тарихына қатысты бай жәдігерлерді туған жерге жеткізсек деген ой еді. Сәкен ағаның кейбір деректерінде «аталған альбом 1873 жылдар шамасында жасалған және 4 бөлімді, 5 томдық альбомы» деп жазғаны бар еді.

Газет оқырмандарына айтарым «Түркістан фотоальбомы» 1872 жылы 6 том болып шықкан. Дәл осы деректерге ешкімнің күмәні болмауға тиіс. Құжаттар қолда!

Сондай-ақ, ол «3 мақаламды дұрыстап оқымадын» деп мені көперге алады. Сонда С.Жәкеевтің жазғандарын міндетті түрде оқуымыз керек пе?

С.Жәкеевтің 1 мақаласын («Л.Ж.», 1982, 9.04 ж.) бұрын да, қазір де оқыған жоқпын, екінші мақаласын («Егеменді Қазақстан», 04.04.98 ж.) шолып шықтым, онда «Түркістан альбомы» хақында бір ауыз сөз жоқ.

Осы «Бір суреттің сырьы» атты мақаланы қарап көру қын емес. Тағы бір мақала (3.12.97) «Түркістан» газетінде жарияланыпты, онда Қызылорда облысында жүрген едім. Тағы бір қателік, Сәкең «Бір суреттің сырьы» атты мақаласында Қорқыт бейітінің суретін 1870 жылы түсірілген деп жазса, ал ол суреттің 1866 жылы түсірілгенін және оны кім түсіргенін де тайға таңба басқандай жеткізген деректер жеткілікті. Оны жазғанмын да.

«...Мен берген «Қорқыт ата» бейітінің фотосуреті» газетке басылмады, өзіме қайтарылмады, «жоғалып» кетті. «Қорқыттың жамбасы тиғен жер» мақаласында басылды», – деп жазғанына және суретті пайдаланды деуіне түсіну қын. Ол суретті берген, қолынан алған адамнан сұрау жөн шығар.

Аға, сізден де, бізден де бұрын қазақ зиялышарының бірсыптырасы «Түркістан альбомымен» таныстыры болғанын білеміз. Профессор Веселовский, Бартольд, Массон (1885–1930) қазақ ғалымдары С.Лапин, М.Әуезов (1925–1940), Ә.Марғұлан 1960 жылдардағы серияларда, Ә.Қоңыратбаев алғаш біліп, оқып танысқан.

Кейінгі жылдарда С.Мұқтарұлы, Ш.Қартаевалар арнайы альбомды зерттемесе де, кейбір келелі мәселелер төнірегінде тоқталып өткен.

«Қорқыттың жамбасы тиген жер» атты мақаладағы суретті этнограф, жазушы, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде бірге оқыған Сейсен Мұқтарұлынан 1997 жылдың жаз айларының бірінде Қорқыт ата бейіті жөнінде әңгімелескен кезімде сұрап алдым. Марқұм Сейсендегі суреттің тарихына қысқаша тоқталсақ, ол Қызылордадағы облыстық өлкетану музейінің қорындағы сурет.

1997 жылы шыққан «Қорқыт ата» кітабында С.Мұқтарұлы былайша сөз толғағанды. «...Қызылорда қаласындағы музей архивінде Әлекең айтатын «Түркістан альбомындағы» 1862 жылы түсірілген суреттің фото көшірмесі бар болып шықты. Фотоның теріс бетіне: «Развалина, могила Киргизского Святого «Хор-хуть», близ форта №2» – деген анықтама берілген екен. Қордағы тіркеме нөмірі – 4208/1. Қосалқы тіркеме бойынша нөмірі – 97301» деп жаза отырып, сол суретті кітабына енгізген. С.Мұқтарұлы бұл кітабынан бұрын Қорқыт ата кешеніндегі суреттер туралы Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінде (1997) бірнеше топтама мақалалар жазды.

Сәкең менің «Қорқыттың жамбасы тиген жер» атты мақалам турасында: «...Бірақ бұдан 20 жылдан бері қолында ұстап отырған, Қызылорда облыстық мұражайынан алған Қорқыт ата бейітінің көрінісін кім түсіргені, қайдан келгенін іздестірмейді, БАҚ-та жарияламайды» – деп жазады. «Қорқыттың жамбасы тиген жер» атты көлемді зерттеу мақаламда «Ертеректе Қызылорданың өлкетану музейінде көрген суретті мен С.Жәкеевтің «Егемен Қазақстанда» жариялаған «Бір суреттің сырьы» атты шағын мақаласындағы суретпен салыстыра қарадым. Бір-бірінен айнымайды» – деп жазған болатынмын.

1985 жылдардағы елдегі демократияландыру, қайта құру кезеңіндегі жауапты жұмыс мойын бүрғызбағанын «қамқоршы ағам» қайдан білсін.

Қадірменді ақсақал бұл тұста да өз пайдасына орай мақала мәнін аударып жіберген.

Сондай-ақ М.Әлімбаев, Ж.Үмбетов және Түркістандағы Қожа Ахмет Яссави мұражайының қызыметкерлерінің де бұл альбомдағы көптеген суреттермен таныс екені мәлім.

Өз мақалаларымда «Түркістан альбомы» туралы қазақты алғаш хабардар еткен академик Әлкей Марғұлан екенін жазғанмын. Тағы да Әлекеңе жүгінейік: «... Қорқыт күмбезінің ең алғаш фотоға түскені 1862 жылы еді. Бұл фото бүгінде тек «Түркістан альбомында» ғана сақталып тұр. «Ежелгі жыр, аңыздар», Алматы, 1985 жыл, 193 бет. Ал егер С.Жәкеев жазғандай «...Оны Әлкей аға Марғұлан оқып, («Лениншіл жастағы» мақаласын айтып отыр) мені іздеді, тапты, әңгімелесті, үйіне шақырды. «Қарағым-ау, бұрын қайда жүргенсің» – деді. Әлекең өзінің кітабында «Түркістан альбомы» хақында оқырманды хабардар етеді, бірақ, С.Жәкеев туралы онда бір ауыз сөз айтпаған. Ә.Мар-

ғұланның ұқыптылығы, жадының мықтылығы әр еңбегінен анық байқалады. Нақты мысал жоғарыдағы аталған кітаптың (144-145 беттері) «Қорқыттың азыздарын, оның нақыл сөздерін аса жүйрік білетін қазақтың қария даналарының ең атақтысы Базар жырау (1842–1911), тамдылық қария Ахмет Назарұлы (1882–1966), ырғыздық қария Жаксылық (1883–1961), қармақшылық Әлқуат Қайнаrbайұлының Қорқыт ата туралы еki қолжазбасы біздің қарамағымызға түсті»... Бірі Өзбекстанда, екіншісі сонау Ырғызда, енді бірі Қармақшыда тұрган адамдардың және олардан соншама дүниелерді 1960–1980 жылдар аралығында ала тұрып, олардың есімдерін ұмытпағанда, Сәкеңмен 1982 жылы сөйлесіп, риза болған адамы туралы іргелі «Түркістан альбомы» сөз болған «Ежелгі жыр, азыздар» кітабына ендірмегені түсініксіз.

Қадірменді ағамыз бір менің ғана емес қазақтың кейінгі толқындарына аға болып есептелінетін Әбілмәжін ағаны «Таудай мекеменің дардай басшысы едіңіз» – деп нықырта отырып, мақала соңына таман «Құрметті бауырым, Әбілмәжін, Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері ретінде, жазушы ретінде, халықтың қадірлі азаматы ретінде бұл мәселенің тұра шешілуіне көмектесуізді сұраймын!» деп жазады. Сонда мақаласының басында сөккен кісісінен көмек сұрауын қалай түсінуге болады?

Басы ашық бір мәселе бар. «Түркістан фотоальбомын» алғаш тапқан және бүкіл қазақ оқырмандарына хабарлаған – академик Әлкей Марғұлан. С.Жәкеев жазғандай мен «Түркістан альбомын» алғаш (бірінші рет) тапқан едім» деп ешқашан мәлімдеген емеспін.

«Түркістан» газетіндегі (3 наурыз, 1999 ж.) «Алтынның ізі табылды» атты мақаланың аннотациясында: «Бір кездегі Әлкей Марғұлан айтқан «Түркістан альбомы» тарихи танымға дәнекер болар дүниелеріміздің бірінен саналады. Қазақстан топырағында бұл альбоммен таныс бірді-екілі адам болмаса, көпшілік оқырман мұлдем хабарсыз болып келді.

Біздің қолымызға түскен «Түркістан альбомы» туралы деректердің көптен бері тиянақты ізден келе жатқан белгілі журналист, зерттеуші Тынышбек Майлыбайұлы Дайрабай тапқан екен. Бұл мақаланы бергенде генерал Кауфманды мадактау емес, оның жасатқан күнды еңбегін анықтау» – деп жазылған-ды. Мұнда да алғашқы деген сөз айтылмаған.

Сәкеңнің осы көлемді мақаласында «менің», «мен» деген сөзінен көз сүрінеді, оның бір мысалы: «Қазақстан фотографиясы тарихын зерттеуші, оның көшбасшысы, «Түркістан альбомын» тарих – ана қойнауынан табушы мен, Сәкен Жәкеев» – деп бір қайырады. Мен деген сөзді академиктер Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев, М.Әуезовтердің де аузына алғанын кездестірген де, оқыған да емеспін.

Мақаланың тағы бір жерінде Сәкен аға «... Сондықтан «Түркістан альбомы» мәдени мұра ретінде жарыққа шығу барысында: 1) дайындаушылар, 2) алғы сөзін жазушылар, 3) қалам ақысын алушылар тізімінде мен бірінші болып тұруым жөн. Бұл талас тудырмайтын мәселе», – деп жазып, өзін атақты академик Ә.Марғұланнан да жоғары қойып жібергенін сезбепті.

Сәкен қарияның ақ басын, үлкен жасын сыйлаймын. Бірақ, толықтай еңбегі сіңбеген дүниеден сый дәмету әбес қой.

Корытындыда айтарым, «Түркістан альбомын» зерттеушілердің бірімін және қаржат көзін тауып, Отанымызға алдырып, ғылыми қолданысқа түсірдім; екіншіден, 300-беттік қолжазба дайындалап, оны компьютерге бастырып, альбомдағы суреттердің мәтінін қазақ, ағылшын тілдеріне аудартып, лауазымды мемлекет қызметкерлерінің қабылдаудында болып, 4 жылдан бері дайындаған кітабыма С.Жәкеев бүгін кенеттен ортақ болғысы келеді. Үшіншіден, 2–3 мақала жазған, 4–5 сурет қана қолында бар адам және жазғандарына кезінде қаламақы алған адам құрастырылған кітапқа қалайша таласады.

«Түркістан альбомындағы» кейбір суреттерге сипаттама беріп жазған бір мақалам мен телеарнада сөйлеген сөзімде С.Жәкеев ақсақалдың еңбегін атап өткен де болатынын.

«Түркістан альбомын» демеуші арқылы алдырысам, тағы да демеушілікпен шығатын түрі бар. Осындай атқарылған қыруар жұмыстардың басы-қасында болмаған ағамыздың бар ойы бәрінде бірінші тұру, қаламақы алу. Оны өзі де ашып жазып отыр.

Әттең-ай, өнерді шын сүйген кісі бұлай етпес еді, қайта жақсы іске жанашырлық танытуға тиіс.

Менде сақталынған барлық құжаттар, Ресейден алдырылған фотоальбомның толық нұсқасы, алыс-беріс қатынас қағаздары, төленген ақшалар мен барлық (1200 сурет) суреттердің мәтіні жазылған тізбе де бар. Ол қазақ халқының тарихын тірілтүге қосқан титтей үлесім деп білемін.

Аталған альбомды С.Жәкеев көрмесе де академик М.Қозыбаев, Қазақстанның халық жазушысы Қ.Мұхамеджанов, Ұлттық академияның корреспондент мүшесі Э.Ниссанбаев т.б. ғалымдар мен министрлер, маман көркемдеушілер көріп, онды пікірлерін жазып берді. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Сәкен аға, ретсіз жерге килікпеніз. Сіз жазғандай, бұл талас тудырмайтын мәселе.

**Құрметпен, ініңіз Тынышбек ДАЙРАБАЙ.**

**РЕДАКЦИЯДАН:** Газеттің үстіміздегі жылдың 30 маусымындағы санында жарық көрген байырғы тілші С.Жәкеевтің «Түркістан альбомы» хақындағы мақаласына онда аттары аталған Э.Жұмабаев пен Т.Дайрабай жедел үн қосып отыр. Біз екі азаматтың да мақаласын қысқартусыз (тек біріндегі ойды екіншісі қайталаған жерлері болмаса) толықтай жарияладық. Қарап отырсақ, өкпелесетіндей де, дауласатында да мәселе қалмады. «Ат кісінескенше, ер сөйлескенше» дегендей, екі тарап пікір алмасқан соң бәрі де өз орны-орнына тұра қалғандай. Редакцияға да керегі осы емес пе?

«Азат» газеті, 2004 жыл

### **МАРАЛ БАБА-ДАНА БАБА**

Бұдан бес жыл бұрын Қармақшы топырағында Марал баба туралы үлкен конференция өткенді. Бүгінгі конференция Марал Құрманұлының 230 жылдық мерейтойына арналып отыр. Бұл деген сөз Марал бабаны ел ішіне кеңінен насихаттаудың бір парасы деп есептеймін.

Халқымыздың тарихына тереңірек үнілген сайын, қазақ даласын дүбірлетіп өткен Шыңғыс хан әскерінің ат тұяғының іздері мен оның жойқын шапқыншылығы, қираған қалалар оралады. Олардан кейін Жонғар, Қалмақ, Қоқан және Хиуа хандықтарының озбырлық, басқыншылық оқиғалары тарих сахнасынан, халық санасынана өшірілмек емес. Сондықтан өз қамқорлығына алған Ресей мемелекеті де қазақ халқының шын мәніндегі қамқоршысы болмады. Ресей үкіметі қазақ даласын емін еркін басқару арқылы негізгі түпкі ойы (I Петрдің заманынан бері қарай) Орта Азияны түтел бағындырып, ондағы қазба т.б. байлықтарды өз мақсатына пайдалану болатын.

Осынау алмағайып қын кезеңдерде білікті хандарымызбен қатар, қазақ сахарасының әрбір аймағынан шыққан дара тұлғалар, көсем сөзді шешендер мен кесімді билік айтқан билер, елді жерді қорғаған қас батырлар шоғырымен қатар, ислам дінінің өркендеуіне, ұлттық сананы ислам діні арқылы оятуға шыққан діни қайраткерлер де болды. Солардың бірі XIX ғасырдың 20-жылдарында-ақ қазақ даласына есімі кеңінен жайылған, Ресей мемелекетіне қарсы ашықтан-ашық «ғазауат» соғысын жүргізген көрнекті діни қайраткер Марал Құрманұлы болды.

Марал ишан қазақ елінде ислам дінінің берік дамуына, ел тұтастығын сақтауға талпынған, талпынған емес, осы жолда құреске шыққан қайраткер. Ол жалаң насиҳат, үгіт жүргізіп қана қоймай, ел ішіндегі, хандық басқарудағы әлсіздіктерді, алауыздықты дұрыс бағалай отырып, осынау осал тұста, жұртшылықты мұсылман дінін, жер тұтастығын сақтауға шақырып жер-жерге адамдар жіберіп, Ресей саясатына қарсы шығады.

Осындай қайраткерлік, көсемдік жолға Марал Құрманұлы бірден жете қойған жоқ. Оқу, іздену арқасында өсіп жетілді. Оның өмір жолдары туралы да әртүрлі деректер жазбаша жазылған. Ал, ел аузында Марал ишанның қасиетті әулие болғандығы, көріп-келдігі сонау 1820 жылдан күні бүгінге дейін сақталып, аңыз болып келеді. Аңыз әңгімелер ел аузындағы сөздер тарихымыздың бастауында болса, Марал ишан туралы жазбаша деректер ел аузындағы әңгімелерден алшак кete қоймаған.

XIX ғасырдың жиырма-қыркыншы жылдарындағы қазақ-ресей құжаттарында М.Құрманов туралы түрлі мәлімдемелер, түсініктер жазылып, біразы мұрағатта сақталынған. Сол құжаттардың бірінде Маралдың аты, әкесі туралы және оқыған жерлері түрліше жазылғанмен көбісі ауызша айтылып жүрген деректерге сәйкес. Демек М.Құрманұлының өзін көрген, жасаған кереметтерін естіген замандастарының, билікте жүрген руластарының, орыс саяхатшылары және офицерлерін жазбаларында түрліше жазылып, сол кезеңнің орысшыл саясатының рухында жазылғанын көреміз. Түрлі пиғыл мен көзқараста жазылғанымен бұл құжаттардың Марал ишанды толық-қанды танып білуімізге таптырmas деректер. Атап айтқанда, 1820–1824 жылдардағы ресми қатынас қағаздарда, генералдардың бір-бірімен жазысқан хаттарында, Марал баба туып өскен, ол шыққан Керей болысының старшины, ел билеген сұлтандардың мәлімдемелерінен көрініс тапқан.

XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ Ресей қатынастары атты құжаттарда Марал бабаның есімі ұшырасты. Осы кітаптағы №113-ші іс қағазында Байдалы, Уақ болысының старшинасы Құрқымбайдың «1821 жылдың 9 маусымын жоғары ұлықтарға жазған түсінік-

терінде: «Осы жазда Торғай өңірінде Бұхарадан келген әулие жөнінде ел ішінде хабар тарағанын айтып, оның ел ішінде соқырды жазатын, баласызға бала беретін, Ресейден қатынасты үзу керектігін насиҳаттауда. Ол әулие атанған адамның әкесі Құлтаба-Керей болыстығына қарайтын, оның екі баласы болғанын, үлкені Алшынбай бүгінде старшина, кішісі Isa. Isa 18 жыл бұрын Бұхарага кетіп, білім алады. Кейін Торғайға келіп қоныстанады. Мұнда ол 100 үй керейлермен келіп, оған Пресногорьковский, Құлтаба Нұрымбет Керей старшиналары: Маймақ, Алшынбай, Жиентай және оларға қарайтын 60 үй түтін қосылды» деген. Сондай-ақ осы мәлімдемесінде Құлсары-Керей, Сибан-Балта, Көшебе, Кенжебай, Матақай т.б. Керей руларының отбасылары топтасқанын жазып хабарласа, Бұхаралық Бабажан Үрістемов және онымен бірге жүрген қазактарда «ғазауат» соғысын бастаушы Марал екенін растай жазады.

Ел аузындағы әңгімелерде Марал ишанды діни жолға бағыттап, оның қасиеттілігін танып өзіне құйеу бала еткенде Жаппас Құлмағамбет сопы делінеді. Ал, жазбаша де-ректерде М.Құрмановтың Құлмағамбет сопының шәкірті болғанын, Маралдың Бұхара қалаларында оқығаны айттылады. Демек, ауызша жеткен әңгімелерде шындық бар.

Мәлімдемелердің басым көшілігінде Маралдың Бұхарада 18 жыл оқығанын, ол жақтан Isa Хазрет аталып келгені турасында айттылған. Маралды қазақ даласының әр жерінен іздел келушілердің көп екенін жаза отырып Орынбор шекаралық комиссиясы басшысы, Орынбор әскери-губернаторға Маралдың үгітін тоқтатуға шара қолдануды сұраған. Әскери губернатор өз кезегінде басы сұлтан (30 маусым 1821 ж.) Жантөре Жәңгіров пен Арғын руының басқарушысы Жұма Құдайменовке жүктейді. Сондай-ақ осы жылдың (губернатор) 26-шілдесінде подполковник Граметин, сұлтан Шамай Бақтыбаевтарға Марал Құрмановтың әскери желі бойына шабуыл жасап, малдарды айда-тып алдырып отырғанын жаза отыра Маралды ұстап беруге ат салықсан сұлтандар мен старшина, билер марапатталып және Омбы шекара комиссиясы Марал туралы ақпар-мәлімдеулерді Орынбордың әскери-губернаторына жолдаған.

Маралдың осындай ойға келіп, батыл шешім қабылдауына нендей жағдай себеп болды дегенге келсек, біріншіден қазақтың құнарлы да шұрайлы жерлеріне орыс мұжықта-рының молынан қоныстана бастауы, екіншіден қазақ жерінің төсіне қамал, қорған-қала сала бастауы, үшіншіден 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» жарғысының өмірге келуінен болды деуге болар. Патшалық Ресейдің тұпкі мақсатын түсінгендігінен және Бұхарада алған діни біліммен дәрігерлік окуы оның көзқарасын түбірінен өзгерктенді. Сөйтіп Марал ишан бастаған патшалық Ресей саясатына қарсы (діни) күрес басталды да кетті.

Бізде де – Марал баба есімін қадірлеп өскен ұрпақтардың біріміз. Баба жөнінде зерттеу жасап, қолдан келгенше оның ел үшін атқарған игілікті істерін бүтінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында болдым.

Сыр бойы тарихын зерттеу барысында орыс әскерилері мен алғашқы қазақ басы-лымдарынан Марал ишан бабамыз туралы түрліше жазбалар кездесіп, оларды жазып алған едім. Бұл жазбаларда айттылған пікірлердің және ондағы көзқарастарды толық құптауға, бәрін шындық деп қабылдауға құқығымыз жоқ. Бұл мақалалардан сол кезеңнің

сұрқия саясаты мен Ресей патшалығының сойылын соғып жазылған дүниелер екенін аңғару қын да емес. Ғалым-зерттеуші Ү.Суханбердинаның құрастыруымен «Дала уәляті» газеті 1994 жылды жеке кітап болып шыққан-ды. Осындағы 1899 жылғы санында «Сәуегей қазақ Марал Құрманұлы» деген тақырыппен көлемді материал берілген.

М.Құрманов туралы мәлімдемелер мен танысқан Торғай облыстық басқарманың аға кеңесшісі, зангер К.К. Крафт мырза 1899 жылды «Торғай облыстық ведомства» газетінің №16–17 сандарында және «Санкт-Петербургское ведомство» журналын (1899) III санында «Сәуегей қазақ Марал Құрманұлы» деген тақырыпта мақалалар жазған. Марал ишан туралы Крафт мырзадан бұрын полковник (кейін генерал болған) И.В. Бларамберг (1855) өзінің естеліктерінде, одан да бұрын прaporщик И.В. Виткевичтің (1836) естелігінде, зерттеуші ғалым И.М. Казанцев «Описание Киргиз-Кайсак» атты кітабында (1865–1866 жылдары) Марал баба туралы жазады. Бұлардан кейін венгерлік Г.Вамвери «Түркі халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» атты (1885) еңбегінде Марал ишаның XIX ғасырдағы діннің ірі өкілі болғанын айтса, белгілі шығыстанушы А.Е. Аристов 1900 жылдарындағы еңбектерінде Марал есімі аталып өтеді. Крафт мырзаның алғашқы жазуынан бастап қазақ зиялышы да Марал Құрманұл туралы жаза бастаған. Солардың басында «Дала уәляті» газеті (1899) және «Айқап» журналында аз-кем әңгіме болады.

Ал кеңстік дәуір кезінде өзінің қомақты «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында» атты зерттеу еңбегінде атақты тарихшы, ғалым Е.Бекмаханов Кенесары көтерілісіндегі егіншілікке байланысты тұжырымында: «Кенесары көтеріліске қатысушылардың материалдық жағдайын жақсартудың жалғыз жолы егіншілік деп түсінген деу керек. Бұл Кенесары серігінің бірі Марал Құрмановтың сөзімен расталды, ол өзі «сендерді егіншілікпен байытамын» деп қазақтарға (308 бет) уәде беріпті».

Академик жазушы Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында Марал баба және оның ұрпақтары жайлы әңгімелері бар. Бұлардан кейін филология ғылымдарының докторы Ә.Нұрмамбетов 1993 жылды, Марал баба өмір сүрген Қармақшының тұрғыны, тарихшы ұстаз С.Нұртаев «Ислам және Марал баба» (1996) кітабын, қостанайлық журналист С.Бұркітбаевтың (1999) Марал бабаның «Нұр шапағаты» атты кітабы жарық көріп, Марал баба жөніндегі Тарихи шындықтың бетін ашып, Марал ишан Құрманұлын қазақ оқырмандарына кеңінен танытуға талпынған туындылардың алғашқылығымен құнды.

Алғаш рет (әзірше) Марал Құрманов туралы баспасөздерде мақала жарияланған автор ретінде Крафт мырза еңбегі зор және оның жазғандарынан бірінші ретте мысалдар келтіру жөн деп есептеймін.

«Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақ даласында бассыздық белен алды. Орынбор әкімшілігіне қарайтын қырда хандық билік үшін өзара қырқыс қызды. Жантөре хан өлтірілді. Хан тағына отыруға тиіс Шерғазы сұлтанды Әбілхайыр ханның кенже ұлының немересі болғандықтан менсінбей, барша жұрт, әсіресе төрелер жағы хан тағына лайықсыз деп тапты. Шерғазы хан болғанымен қырға шығып Қазақ арасына баруға корқып жүрді. Сол уақытта хан болатын жол өзінікі болғаны үшін қырда ақылды, та-

лапты Қаратай сұлтан ойран салып жүрді. Сібірдегі қарт Уәли хан болып тұрып, жұртқа қайраты жетпей, халықта тыныштық болмады. Сондай лайсан уақытта Бұқарадан оқып шыққан Марал деген бір қазақ қырға шығып: «қазақты кәпірден құтқаруға шыққан әулиемін» деп, ел арасында әңгіме таратқанын жазады. Ұлықтардың жинаған хабарында: «Маралдың әкесі Тройцк деген қамалдың қасында көшіп жүретін Керей болысын қазағы еken. Әкесі тәуіп. Әкесі өлгеннен кейін Марал сартқа еріп, Бұхараға барып, көп оқыпты. Ақырында, 1820 жылы Сырдарияда көшіп жүрген қазақтарға келіп, өзінің сәуегейлігін жасап, әулиемін» деп жария етілті. Міне, осы деректерден-ақ, біріншіден, Марал Құрманұлының әкесінің емшілікпен ел-аймаққа белгілі адам болғанын, екіншіден, Марал ишанның өзінің әулиелік қасиет кереметін, қайраткерлік жолын 1820 жылдан бастағанын аңғаруға болады.

Мақаланың ортасында: ...Бір әулие шықты деген дыбыс қырға жылдам жайылды. Айтты: «Марал көzsізге көз, тілсізге тіл беретін әулие еken, керемет көрсетіп жатыр» дегенді. Алғашқы кезінде жан-жақтың бәрінен топ-топ болып келіп жатты көбі. Россиямен екі арадағы қазақтар көшіп те келді, естігеніне нанып. Жақында-ақ Маралдың әулие емес екендігі көрінді.

Ауруды емдеуі өзгеден артық емес еken, әулие пәлен-түгені өзге бір іске сілтеу еken, нанғыш көпті еліктіруге қылған. Зиярат қыламыз деп келген қазақтар керемет орнына бір қазақтың ойласа ойна, жүрсе-жүрісіне келмейтін сөз есітті Маралдан. Сол себепті соңынан ере қоймады. Маралдың «...Россияға қарамандар, өздерің бірігіп, орыстан басқаланып, егін салумен айналысындар, сендерді егін байлыққа жеткізеді», – деген Маралдың сөзін келтірген. Міне, осылайша Марал баба елді отырықшылыққа шақырған, Ресейден өз алдына бөлініп, күн көруді, егіннің байлыққа жеткізетінін айтады.

Мақсат, мұддесі орындалмағанын көріп Марал баба тікелей орыс генералдарымен сөйлесіп, қазақтарды Ресейден бөліп алу жөнінде сөйлеуді мақсұт тұтады. Өзінің жақын туысы Байсал старшина арқылы екі хат жазып (бір мазмұнда), бірін Орынбор әскери-губернаторы Эссенге, екіншісін Сібір жеке корпусының бастығы генерал-лейтенант Капцевичтің атына Омбыға екі хат жолдаған. Хат татар тілінде жазылған. М. Құрмановтың хатында:

«Патша ағзамның саясында қолдауын көріп жүрген, Омбыда тұрушы әралуан ордендердің иегері жандарал тақсырға бізден тағзым. Әу бастан бір жаратқан құдай хақ, Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт шадияры һәм төрт имамы шын. Әуелі Адам ата, екіншіден Мұхаммед пайғамбар болғалы сол заманнан бермен қарай мұсылман бол, кәпір аталғалы бері біздің арамызда ешқандай қырқыс пен қақтығыс не дүшпандық болған емес. Сиынып келе жатқанымыз да жалпыға ортақ бір құдай. Осылайша, бұдан бірнеше жыл бұрын Ресей елінің шегінде бейқұт, бейбіт, жанға жайлы тыныштық болушы еді, жандарал тақсыр. Ол кездегі Ресей патшаларының тұсында орыстар рұхсатсыз қазақ жеріне кіруге батпаушы еді, оған құқықтары да болмаушы еді. Бұл күнде, тақсыр сені мен менің заманымда былай болып тұр. Орыстар қазаққа тиесілі жерді тартып алып, иемденіп кетті. Қазақтар да орыс жеріне кіріп алды. Бұл неге бұлай, бұлай болу себебі неліктен?

Әлде бұл сізге де, бізге де байланысты ма, жандарал тақсыр. Сіздерден көп ұзамай қалай хабар алсақ та, біз бен сіздің уақытыңызда орыс болсын, қазақ болсын бүлікшілікке ұшырап отыруына қарап қалмас.

Неге десеніз, орыстардың барлығы да сіздің қарауыңызда, ал қазақтардың барлығы біздің қарамағымызда. Пайғамбардың тікелей шарапатымен, сізден менің мархабатты патша ағзамға жол тартып жолығуыма мұрсат етуіңізді сұраймын. Бұл менің ең бір қылышп құрайтын өтінішім. Сөзімнің қактығын күәландырып мен Иса Хазірет мөрімді басамын». Соңына назар аударыңыз. Бұрышында «Бұл хатты апарушы Орта жүздің старшыны Байсал Атакелдиев. Осыны растап Мұса баһадүр өз мөрімді бастым».

Қазақ даласында өзін әулие деп жария еткен Марал Құрманов деген біреу пайда болғанын, оның Петербургке барып-қайтуға тілек білдіріп жүргенін Сібір әкімшілігі Азия департаментіне жеткізіледі. Сол тұстағы вице-канцлер граф Несельроде 1821 жылғы 31 желтоқсанда №760 санды катынасымен Сібір генерал-губернаторы Сперанскийге Марал өтінішінің мән-жайы туралы пікірі қандай екенін сұрайды. Сол кезде Сперанский Петербургте екен. 1822 жылдың 24 қаңтарында ол граф Несельродеге хатпен жауап қайтарады.

«Мархабатты менің төрем, Карл Васильевич. Жоғарғы мәртебелі өзіңіздің қазақ қырында өзін әулие деп жарияладап жүрген Марал Құрманов туралы сауалыңызға жауап қатуды борыш санаймын. Сіздің мәртебелі пікіріңізben қалтқысыз келісемін. Оның осында келуіне рұқсат ету пайдалы болар еді, тіпті корпус командиріне оны орынды бір сылтаумен шақырып алғып осылай қарай аттандырса.

Ізгі ілтипатпен биік құзырыңызға қалтқысыз қызмет етуге әрқашан әзір М.Сперанский».

Граф Несельроденің биік мәртебеліге баяндауы бойынша Марал Құрмановты Петербургке шақырып алу туралы 1822 жылғы 12 ақпанда жарлық шығып, оны жолға қамдау жөнінде тапсырма-нұсқаулар беріледі. Маралды астанаға алдыру жөніндегі жарлыққа орай генерал Капцевичке жазған хаты иесінің қолына тимей, Байсал старшында қала берді.

Маралдың қазақ сахарасына келуі жайындағы хабарлар түрлі-түрлі болды. Бір сыйбыста ол «Алаша» руының қазақтарының шақыртуы мен солармен бірлесіп, хиуалықтар мен соғысып жүрген Бұхарлыққа көмек беруге кетті», – делінсе, толық дерек 1824 жылдың басында алынады. Бұл хабарда 1823 жылдың жазында хиуалықтар Бұхараға бара жатқан керуенге шабуыл жасап, қазақ керуеншілерінің мың түйесін, жұз мың қоюн айдал алғып, елу адамды өлтіріп кеткен хабарын ести сала М.Құрманов ақ-адал мал-мұлікті қайтаруы үшін Хиуаға аттанғалы қол жинайды. Халықты бұл жорыққа көбірек тарту үшін жұртқа жар салып, бұл жолы өзімен бірге жауға аттанғандарға «ок өтпейді, қылыш дарымайды». Дұшпанды жеңіп таланған малды түгел қайтарып, ол жалы оралатынына сенген қазақтардың көпшілігі Құрмановтың уағдасына қызығып Хиуаға қарсы аттанады. Және асықтырған тағы бір себеп. Мұның Хиуалықтардың Сыр бойына, керуен жолдың үстіне қорған салып Троицк һәм Орынбордан шыққан керуендері талауға әзірленеді. Жұзеге асуы екіталай бұл қатерлі сапардың немен аяқ-